

**«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бөгенбаева Әйгерім Бектұрганқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11 сынып)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

<b>Р/Н №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Бөгенбаева Әйгерім Бектұрганқызы «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11 сынып)» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; «Бейіндік білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оку бағдарламасын»; Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасында білім берудің дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының <b>басым бағытына сәйкес</b> (бағытын көрсету)	Бөгенбаева Әйгерім Бектұрганқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау (6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша ұсынылған.

2.	Фылымға маңыздылығы	<p><b>Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары сынып оқушыларының креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдістемелік жүйесін фылыми негіздеуге бағытталған. Зерттеу барысында алынған фылыми-тәжірибелік жетістіктері теориялық тұрғыдан креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әлемдік және білім беру саласындағы трендтермен сабактастырын айқындауда, креативтік білімнің когнитивтік, функционалды-коммуникативтік теорияларын негізге ала зерттеуде және қолданыстық тұрғыдан қазақ тілін оқыту әдіснамасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес косып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі.</p> <p><i>Біріншіден</i>, 10-11-сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінде креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың лингвофилософиялық, әлеуметтік-психологиялық негіздері фылими-әдіснамалық тұрғыдан ұтымды тұжырымдалған;</p> <p><i>Екіншіден</i>, 10-11 сынып оқушыларында креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттары мен оқыту ұстанымдары келтірілген;</p> <p><i>Үшіншіден</i>, «Қазақ тілі» пәнінің аясында тілді креативті ойлауды дамыта оқытудың қажеттілігі анықталған;</p> <p><i>Төртіншіден</i>, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты қалыптастыру мен дамытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен жаттығу жұмыстары, талдау және дидактикалық ойын технологиялары арқылы менгертудің тиімді әдістемесі ұсынылған;</p> <p><i>Бесіншіден</i>, тілдік қатынасты креативті дамыту арқылы үйретудің ұсынылған әдістемелік жүйесінің тиімділігі анықтаушы, қалыптастыруышы және қорытынды экспериментпен дәлелденген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1) жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) тәмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Бөгенбаева Әйгерім Бектұрганқызының диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеудегі тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарияланған фылыми еңбектердегі қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік фылыми пікірімен қорытылған. Зерттелуі тиіс маңызды мәселелер дұрыс шешімін тапқан. Фылыми тұжырымдарын жүйелі түрде баяндаған, фылыми стильді жетік менгерген. Диссертация мазмұны жарияланымдар арқылы толық қамтылған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1) негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі тілдік қатынасты креативті ойлау арқылы дамытудың әдіснамасын лингвофилософиялық және әлеуметтік-психологиялық аспектілерден жанжақты зерттеумен негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысының өзектілігі креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты, яғни сөйлесім</p>

		<p>әрекетінің барлық компоненттерін кешенді менгертуге бағытталуымен негізделген.</p> <p>Сондай-ақ, жоғары сыныпта қазақ тілін оқыту үдерісінде әрбір тұлғаның «Мен»-ін қалыптастыруға мән бере отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сінірудің, жаңаша ойлай алатын, шығармашыл адам етіп тәрбиелеудің бір жолы ретінде жастарды креативті ойлауға баулу арқылы тіл мәдениетін дамыту мәселесі де зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.</p>
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды		<p>Зерттеу мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқатулардан және екі бөлімнен, әр бөлім 3 параграфтан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Зерттеудің тараулары өзара ішкі бірлікті сақтаған, тақырыпқа қатысты өзекті мәселелер жіті талданған.</p> <p><i>Bірінші тарауда</i> оқушының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық негіздері, білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты қалыптастырудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері және 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдары туралы айтылған.</p> <p><i>Екінші тарауда</i> бейіндік мектепте оқушылардың креативті ойлауына негізделген тілдік қатынас әдістемесін талдау, креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға қажетті тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер жүйесі келтіріліп, эксперимент нәтижелері талданған.</p> <p>Диссертация жұмысының қорытынды бөлімінде айтылған мәселелердің барлығы жүйелі түрде тұжырымдалып ұсынылған. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды.</p>
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері 10-11-сынып оқушыларының креативті ойлауы арқылы тілдік қатынас дағдыларын дамытудың лингвофилософиялық, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық негіздерін айқындаумен, оның дидактикалық шарттары мен ұстанымдарын анықтаумен және білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамытудың кешенді әдістемелік жүйесін ұсыну, оны менгертуде қолданылатын дәстүрлі әдістер мен инновацияны тоғыстырган</p>

			амал-тәсілдерді көрсетумен сәйкес келеді. Ізденуші зерттеу барысында алдына қойған міндеттерін мақсатқа сәйкес орындаған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <b>толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түрғыдан бір-бірімен өзара байланысқан. Алынған нәтижелер диссиденттың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қафидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <b>сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген		Зерттеушінің ұсынған жаңа шешімдерде сынни талдау бар. Автордың сынни көзқарасын «кreatивті ойлау» ұғымына берген ғалымдардың тұжырымдарын саралап, қорытынды жасауынан, қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасын дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін ұлттық таным, педагогика мен психология ілімдерінің тоғысында жүйелеуінен және мақсатқа сәйкес қажетті әдістемелік жүйені таңдап, қалыптастыруынан байқауға болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қафидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдіснамасы қазақ тіліндегі тілдік бірліктердің функционалды-коммуникативті қызметіне байланысты анықтау <b>толығымен жаңа;</b> Тілдік бірліктердің pragmatikадық қызметіне тән заңдылықтар басшылыққа алынып, білім алушының әрі креативті, әрі сынни ойлаудың негіз болатын педагогикалық алғышарттар мен ұстанымдардың айқындалуы <b>толығымен жаңа;</b> Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың әдістемелік жүйесін ұалыптастыру <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Диссертация жұмысындағы креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту мәселесінің әлемдік білім трендтерімен сабактастырының айқындалуы, оқушылардың креативті ойлауды арқылы тілдік қатынасты жетілдірудің түфьры ретінде ұлттық және заманауи білім философиясындағы ілімдер негізге алынып, олардың тілдік қатынасты жүзеге асыратын креативтік білім когнитивтік, функционалды-коммуникативтік теорияларын негізге алатындығының дәйектелуі, тілдік коммуникацияны дамыту үшін когнитивті психология мен коммуникативті лингвистика және

			лингвофилософия интеграциялана қарастырылуы <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.	зандаулықтарының
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Dиссертациялық жұмыста көрсетілген міндеттерді шешу барысында қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және олар әдіснамалық-әдістемелік түрғыдан негізделген. Докторанттың ұсынған креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-тәжірибелік негізі <i>толығымен жаңа</i> және негізделген.		
6.	Басты қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негіздел меген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Dиссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде <i>негізделген</i> және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.	
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b>дәлелдені;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) <b>ия;</b> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <b>кең</b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Корғауға ұсынылған қағидаттар эксперимент арқылы дәлелденген. 7.1 Қағидаттары дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Докторант зерттеуінің жаналық дәрежесі мынадай: заманауи білім беру талаптарына сай қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде білім алушылардың креативті ойлауы арқылы тілдік қатынасты дамыту үшін әлемдік білім трендтерімен толық үндесетін оқу әрекетін үйімдастырудың жаңаша шешімдері табылған, зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін құрайтын психологиялық, педагогикалық, лингводидактикалық және лингвистикалық, зерттеулер жан-жақты талданған, жоғары сынып окушыларының семантикалық тілдік айналым арқылы ассоциацияланатын ұғымдарды пайдалана отырып, тілдік қатынастың мақсатына сай окушылардың сөйлеу тілін, шығармашылық ойлау кабілетін арттыруға бағытталған әдістемелік жүйе жасалған және эксперимент арқылы дәлелденген. 7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының қолданылу ауқымы кең. 7.5 Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдамалары мен нәтижелері халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-практикалық	

			конференцияларда, республикалық, облыстық семинарларда жасалған баяндамаларда талқыланған. Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала жарияланды. Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда 4 мақала, КР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 2 мақала және басқа да басылымдарда 2 мақала жарияланды. Ұсынылған қағидаттары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияларың жұмыс әдістемесінің тандауы толық негізделген. Креативті ойлау арқылы тілдік катынасты дамытудың әдіснамасы лингвофилософиялық, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық түрғыдан қарастырылған, соның нәтижесінде дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер тоғысқан әдістемелік жүйе қалыптастырылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссиденттің зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің жаңа жалпыидандикалық әдістерден бақылау, дәлелдеу, педагогикалық эксперимент, статистикалық талдау және лингводидактикаға қатысты әдістерден логикалық операция, синтез, индукция, дедукция тәсілдері мен экспериментті қолдану арқылы алғынған. Эксперимент нәтижелері сандық, сапалық түрғыдан көрнекі көрсетілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссиденттің зерттеу жұмысының теориялық, әдіснамалық қорытындыларына сүйенген эксперименттік жұмысы Жамбыл облысы, Тараз қаласында Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының және №23 орта мектепте 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен жүргізілген. Нәтижесінде анықтаушы, қалыптастыруыш және корытынды эксперименттерге сандық, сапалық талдау жасалынған. Зерттеу барысында алғынған нәтижелер жұмыстың болжамына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар анықтаушы эксперимент кезінде оқушылардың креативтілігінің бастапқы деңгейін анықтайтын сауаланамада берілген креативтілік қасиеттер жүйесінің (ақынжанды, киялышыл, тәуекелшіл, көпшіл т.б.) құрылу негізdemесі диссертациялық жұмыста айтыла кетсе жақсы болар еди.

		<p><b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p> <p><b>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <b>расталған</b> / расталмаған</b></p>	<p>Зерттеу жұмысындағы маңызды мәлімдемелер КР нормативтік-құқықтық құжаттары, психология, педагогика, лингводидактика, лингвистика салаларындағы қазақ және шетел авторларының еңбектері сияқты басқа да тақырыпқа қажетті нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасаумен расталған. Пайдаланылған әдебиет диссертацияның мазмұнын ашуға, теориялық-әдістемелік түрғыдан ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.</p>
		<p><b>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткілік-сіз</b></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда 139 әдебиетке шолу жасалған. Ізденуші зерттеу жұмысына сәйкес нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерді жеткілікті пайдаланған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p><b>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</b> <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p>	<p>Зерттеушінің жұмыс барысындағы ғылыми тұжырымдарының теориялық маңызы бар: ғылыми нәтижелер педагогика ілімінің жаңа теорияларын дамытуға, қазақ тілін қолданбалы аспектіде оқытудың теориясына және когнитивті психология, лингводидактика бағыттарының салааралық зерттеулерінің ары қарай дамуына ғылыми-теориялық жақтан қомақты үлес қосады. Зерттеу тұжырымдары қазақ тілін оқыту әдістемесінен ғылыми, оқу-әдістемелік кешендерін дайындауда маңызы зор.</p>
		<p><b>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</b> <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің нәтижелері жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі пәнін оқытудың сапасын арттыруға, оқытудың негізгі формасы сабакты нәтижелі үйымдастыруға негіз болады. Еңбекте ұсынылған кешенді жаттығулар мен тапсырмалар, әдіс-тәсілдер қазақ тілін сқыту үрдісін тиімді үйымдастыруға мүкіндік береді. Окушылардың креативті ойлауына ықпал ететін әдістемелік жүйе білім алушылардың тілдік түрғыдан ғана емес, жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді.</p>
		<p><b>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</b> <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар: «Қазақ тілі» сабактарында креативті ойлау арқылы жоғары сынып окушыларының тілдік қатынас мәдениетін дамытудың қажеттілігін көрсететін ұсыныстары мен қағидаттары <b>толығымен жаңа;</b> Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытуға бағытталған 10-11-сынып окушыларына арналған әдістемелік жүйе мен оның нәтижесін көрсететін эксперименттің қорытындысы <b>толығымен жаңа;</b></p>

			Қалыптастыруыш эксперимент барысында ұсынылған арнары педагогикалық ұстанымдарға негізделген жаттығулар мен тапсырмалардың түрлері, олардың қолданылу бағыттары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	<p>Диссиденттың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағалауға болады. Диссертация жұмысы объективті түрде жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. <i>Айта кетемтін жайттардың бірі</i> – зерттеу жұмысында емле мен тыныс белігілерінен қателер кездеседі және кейір жерлерде пайдаланылған әдебиеттердің беті жұмыстың ішінде нақты көрсетілмеген. Сондай-ақ тақырыпты ашуға қажетті ұғымдардың арасындағы байланысты ашу үшін көбірек сұзба, диаграмма, салыстырмалы кестелер қолданылса жақсы болар еді.</p> <p>Аталған ескертпе диссертациялық жұмыстың күндылығын төмендепейді. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу бағыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.</p>

Қорыта айтқанда, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бөгенбаева Эйгерім Бектұрғанқызының «Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11 сынып)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын ғылыми жаңалығы мол, теориялық, тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс дей келе, «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп бағалауға болады.

Ресми рецензент,

Сулейман Демирель атындағы  
университеттің қауымдастырылған  
профессоры, PhD



Ж.Дүйсебекова

Колтаңбасын растаймын
Күні «09» 03 2023 ж
Копы
15 бас мозаека
АӘТ қызметі